

**Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011 - 2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын (2-кезең) бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 1461 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 маусымдағы № 619 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.03 № 619 Қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 399 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** қараңыз.U110088

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011 - 2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (2-кезең) (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) Жоспардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;  
2) жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша 15 шілдеге және 1 ақпанға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын 1 тамызға және 1 наурызға Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 3 0

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 4 6 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011 - 2012 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (2-кезең)**

Р/с №	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көзі
1	2	1	4	5	6	7
1. Көші-қон процестерін реттеу						
1	Көші-қон процестеріне мониторинг жүргізу және баға беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), СА, Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
2	Қазақ диаспорасымен, Қазақстаннан бұрын кеткен және шет елдерде тұратын азаматтармен экономикалық және мәдени байланыстарды дамыту бойынша жұмысты жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	СІМ, ІІМ	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
3	Оралмандарды еңбекпен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
4	Шет елдердегі білім беру ұйымдары берген білім алу туралы құжаттарды мойындау және нострификациялау туралы ұсынысты зерделеу және енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	БҒМ, СІМ	2011 жылғы 1 тамыз	Талап етілмейді	
5	Ішкі көші-қон процестеріне және оның елдің әлеуметтік-экономикалық даму ықпалына мониторинг жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), Әділетмині, СА, А Ш М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
2. Заңсыз көші-қон						
			ІІМ (жинақтау), С І М , Қаржымині,			

6	Шет елдермен реадмиссия туралы келісімдер жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰҚК (келісім бойынша), Әділетмині, БП (келісім бойынша)	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
7	Заңсыз көші-қонға қарсы күрес мәселелері бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), ҰҚК (келісім бойынша)	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
3. Көші-қон саясатын құқықтық қамтамасыз ету						
8	ТМД-ға және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттермен Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын үйлестіруге және біріздендіруге қатысу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), ҰҚК (келісім бойынша), Еңбекмині	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
9	Алыс шет елдерден келетін оралмандарды зейнетақымен қамтамасыз ету жөнінде келісімдер жасау туралы мәселені пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбекмині, СІМ	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
4. Көші-қон процестерін басқаруды институционалдық және кадрлық қамтамасыз ету						
10	Көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету (оның ішінде БҰҰ БЖКБ, КҚХҰ халықаралық ұйымдарымен ынтымақтастық)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), Еңбекмині, СІМ	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
11	Қазақстандық тараптың көші-қон процестерін басқару мәселелері бойынша халықаралық форумдарға, ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарлар мен симпозиумдарға қатысуын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), СІМ, Еңбекмині, СА, ҰҚК (келісім бойынша)	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Тартылған қаржылар есебінен	
5. Көші-қон процестерін мемлекеттік басқаруды ақпараттық сүйемелдеу						
	БАҚ-та көші-қон саясаты мәселелерінің					

12	жариялануын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ІІМ (жинақтау), Еңбекмині, БАМ, СІМ	Жыл сайын, 1 тамыз, 1 наурыз	Талап етілмейді	
----	----------------------------	---------------------------------------------	-------------------------------------	------------------------------	-----------------	--

**Ескертпе:**                   **аббревиатуралардың**                   **толық**                   **жазылуы:**

ІІМ       -   Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

СІМ       -   Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

БҒМ       -   Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

БАМ       -   Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі

АШМ       -   Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Әділетмині       -   Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

Қаржымині       -   Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҰҚК       -   Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша)

БП       -   Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы (келісім бойынша)

СА       -   Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

КҚХҰ       -   Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым

БҰҰ БЖКБ - Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі жоғары комиссарының басқармасы

БАҚ       - бұқаралық ақпарат құралдары